

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының білім алушыларына академиялық демалыс беру, мәжбүрлі және ерікті түрде оқудан шығару қағидалары мен рәсімдеріне өзгертулер

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 18.02.2025

Күшіне енген күні: 18.02.2025

Қолжетімділік деңгейі: Ашық
қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 2.11. ASL

Бекітуші орган: Басқарушы кеңес

Тіркеу нөмірі: 18.02.25

Иесі: Регистратор офисі

Қолданылуы: Назарбаев Университеті

Қайта қарау № 1

Қайта қарау түрі: Елеулі қайта қарау

Негізгі ІНҚ бекітілген күні: 02.07.2024

Негізгі ІНҚ күшіне енген күні: 01.08.2024

Бекітуші орган: Басқарушы кеңес

Тіркеу нөмірі: 02.07.24

Басқарушы кеңестің 2024 жылғы 02 шілдедегі №02.07.24 шешімімен бекітілген «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының білім алушыларына академиялық демалыс беру, мәжбүрлі және ерікті түрде оқудан шығару қағидалары мен рәсімдеріне келесі өзгерістер енгізілсін (бұдан әрі – Қағидалар мен рәсімдер):

1. Қағидалар мен рәсімдер келесі мазмұндағы 3.3.4. және 3.3.5. - тармақтарымен толықтырылсын:

«3.3.4. Президент білім алушыны, оның ішінде академиялық демалыста жүрген және/немесе Университеттен уақытша шеттетілген білім алушыны Университеттен шығара алады.

3.3.5. Президент Провосттың және академиялық емес студенттер мәселелеріне жетекшілік ететін Вице-президенттің ұсынысы бойынша білім алушыны Университеттен шығара алады, бұл ретте осы Қағидалар мен рәсімдерде және/немесе Университеттің басқа да ішкі құжаттарында көзделген рәсімдерді қолданбауы мүмкін.».